

АДАМДАР, ЖЫЛДАР, ТАҒДЫРЛАР

Қиындыққа толы қиыр жол

Бердіқожа Токтарғажыұлы Жолтаев – тағдыры танғажайып тұлға. 1910 жылы Өскемен қаласының іргесіндегі Ахмер ауылында дүниеге келген. 1929-1930 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясы негізінде ашылған педтехникумда білім алып, оқу жылының аяғында курстасы, бесқарағайлық азамат Қайырбай Тілеубердинмен бірге Қобда бетіндегі Монғолия қазақтарын ағарту үшін ариайы жолдамамен келеді. 1930 жылдан 1934 жылдың соңына дейін осы өлкеде мектеп ашып, бала оқытады. Өлке қазақтары тарихында тұңғыш «Әліппе» оқулығын құрастырып жазып шығады. 1935 жылы оны Кеңес үкіметі Монғолия арқылы Шынжаң өлкесіне тыңшылыққа жібереді. Ол жақта 13 жыл құпия тапсырма орындап, 1948 жылы Қобда бетіне қайта оралады. Келген бетте ату жазасына үкім етіліп, тәңірдің қалауымен одан аман қалады. Өтеуіне 10 жыл түрмеде отырып шыққан. Қалған ғұмырын Бай-Өлке аймағының орталығы Өлгей қаласында тыныш өткізіп, 1975 жылы 65 жасында бақилық болған марқұмға топырақ Қобда бетінен бұйырды. Жарықтықты Алла қамқорына алғай!!! Бердіқожа Токтарқожаұлының басынан өткен өмір тарихын рет-ретімен баяндап көрейік...

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Қобда бетіне табан тіреген тұс

Бердіқожаның балалық шағы жайлы біздің білетініміз жоққа тән. Тек байөлкелік журналист Токан Бодау-ханұлы Б.Жолтаев туралы жазып, Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінде 2009 жылы 29 сәуір күні жариялаған «Тағдырдың желі айдаған тарлан аға» атты көлемді мақаласында: «Бердіқожаның балалық шағы Өскемен қаласы маңындағы Арганаты мен Айыртау арасында қой мен қозы сонында өткен», – деген бірауыз дерек бар.

1930 жылы Семейдегі мұғалімдер техникумының соңғы баспалдағын бітіретін тұста курстас досы Қайырбай Тілеубердинмен бірге Монғолияға, Қобда бетіне келеді.

Бұл екі азаматты монғол қазағын оқытсын, жас бұынға жаңа дәуір ілімін үйретсін деп сонау итарқасы Семейден жетелеп алып келген адам – Шәріп Өтепов. Шәкен бұл кезде КЖИ (Коммунистік Жастар Интернационалы) жолдамасымен Қобда бетінде қызмет атқарып жүрген.

Осы күйге жайлы Шәріп Ғайсаұлы 1981 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Жалындаған жастығым – комсомолым» атты ғұмырнамалық естелік кітабында: «1930 жылы мен КСССР-ге демалысқа келіп, Қазақстаннан екі мұғалімді Монғолияға алып бардым. Олар – Бердіқожа Жолтаев пен Қайырбай Тілеубердин еді. Бердіқожа Өскеменнің Ахмер ауылының, Қайырбай Семейдің Бесқарағай ауылының азаматы еді», деп жазыпты.

Осылайша, заты қазақ дегені болмаса, жат жерге табаны тиген қос азамат ел аралап, теңізден маржан сүзгендей мектепке оқушылар жинайды. Оның үстіне діни жәһилдікке шырмалған қауым жаңа заман оқуын жатырқайды-ай келіп. Айтатын уәждері: «Баламыз көпір болып кетеді».

Қаламгер Токан Бодау-ханұлы өзінің жоғарыдағы мақаласында: «Қазақстаннан келген екі ұстаз ай бойы ауыл аралап, үгіт айтып, жиырма шақты бала жинап, кішкентай балшық тамда алғашқы сабақты бастады. Кітап-құрал атымен жоқ. Ең бастысы, балалардың оқуға деген ынта-жігері қызықтырды, өз ісіне деген сенімділік туғызды. Кешікпей Бердіқожа ұстазды Ақбалшық ауылынан 150 шақырымдай алыс оңтүстіктегі Шыбарайғыр қошуынында Үмбет деген тұлғаның бастамасымен ашылған жаңа мектепке мұғалімдікке шақырды. Ақбалшықтағы мектепте Қайырбай ғана қалды», деп жазыпты.

Сол сияқты осы өлкенің тарихынан сыр шертетін, 2008 жылы Ұлан-батыр қаласында жарық көрген «Мендікшіл – мерейлі өлкем» атты жинақта: «Мектеп 1931-1932 жылдары Үлкен Көктөбедегі ламалар тамына орналасып, бір класта 20-30-дай бала сабақ оқиды», десе, 1971 жылы Монғолия кәсіподағының ресми үні «Хөдөлмөр» («Еңбек») газетіне монғол журналисі Д.Жигжидсүрэн жариялаған «Бердіқожа және оның тағдырынан бір парак» атты мақалада: 1931 жылы Халық революциясының 10 жылдық мерекесі қарсаңында Тұлба сұмынаға мектеп ашу бастамасын Жолтаев көтеріп, бірқанша белсенділердің басын қосып, қабырғасын жас талдан тоқып жасап, төбесін шөппен жапқан шағын үйіштің маңдайшасына «мектеп» деп жазып қойды. Кейбір керіауыз кертартпап: «Мына қазақстандық қыстың суығын көрмеген-ау шамасы...», деп күлсе, баянды бастаманы қолдаушылар қуанышын жолдап, құттықтапты. Осы жылы Ұланқұс мектебі 17, Тұлба мектебі де осы шамада оқушы жинап оқуды бастапты. Алғашында Бердіқожа әрі директор, әрі ұстаз, әрі от жағушы жұмысын атқарыпты. Ол кезде оқуға бала жинау

деген қияметтің қиыны, деп еске алды Жолтаев ұстаз. – Ешкім оқуға баласын бергісі келмейді. Ойдан-қырдан құрап оқытқан он шақты шәкірттеріміңің ішінен Ікей Мизамұлы Халқын – гол шайқасының батыры атанса, жалшылықта жүрген жерінен әкесіне 25 төгрөг ұстатып, сатып алған тағы бір оқушым Қашқынбай Мәлікұлы қоғам қайраткері болды. Тағы бір шәкіртім Шолтай Монғолияға еңбек сіңірген ұстаз атанды. Келесі оқу жылы басталғанда үкімет жанадан тас тұғырлы мектеп салып берді. Жазда ел жайлауға шыққанда балаларды жинап әкеліп үйірме жүргіздім. Кешікпей мектептің жанынан артель ашылды», деген сөздерді монғол журналисі Жолтаевтың өз аузынан жазып алған екен.

1934 жылы көктемде Бердіқожа Жолтаевқа: «Жедел Ұлан-батырға жетсін!» деген шақыру қағазы келеді.

Ұлан-батырда бастырған алғашқы оқулық

Шұғыл шақырған хабар қолына тиген ұстаз: «Қобда бетінде 4 жыл ғұмырым өтіп, шартты мерзім аяқталды, енді еліме қайтаратын шығар», деген үмітпен астананы бетке алып аттанады.

Ел астанасы Ұлан-батырға келген соң Бердіқожа ұстаз Ағарту министрі Гонжон деген адаммен жолығып, оған: «Қаладағы мұғалімдер даярлайтын техниканы жанынан қазақша оқытатын кадр дайындау қажет», деген ұсыныс айтады. Онысы дереу қабылданып, техникум жанынан қазақша оқытатын бөлім ашылып, 10 студент қабылданады. Жолтаев осы балаларға өзі сабақ берумен қатар, күні-түні отырып, төте жазумен қазақша сауат ашатын «Әліппе» оқулығын, табигаттан және география пәндерін оқытуға арналған кітапты қорғасынға құйдырады. Жолтаев өзінің естелігінде: «Бұл іске монғол ағартушылары Ишдорж мен Эрдэмбилег деген адамдар көп көмек көрсетті», деп атап өткен екен. Осы кітаптардың қорғасынға құймаланған әрбір бетін баспаханаға апарып, жанкешті еңбектенудің арқасында 300 дана кітап шығарған. Кітаптың мұқабасына Монғолия Республикасының картасын шаптайды.

Бұл оқулық Қобда беті қазақтарының ағартушылық тарихында жаңа заман ағымына сай жарық көрген тұңғыш құнды құрал екені анық.

Бердіқожа – Сапар молда

Осылай астанаға аялдаған аз ғана уақыт ішінде Бердіқожа Жолтаев қалаға қолжазба күйінде дайындап әкелген оқулығын баспаханаға өткізіп енді үй дей бергенде Монғолия ішкі істер министрлігінен шақыру түседі. Ұзын сөздің қысқасы, Бекеңе: «Сіз Сталин жолдастың нұсқауы бойынша Шынжаңға тыңшылыққа барасыз. Монғол, қазақ, орыс тілін білетін және көне ұйғырша, жаңа жәдитше, әрі кирилл әріптерін таныттын қабілетіңіз бар. Айтқанға көнесіз. Басқа жол жоқ», дегенді айтады үкімет адамдары.

Сөйтіп, Қобда бетінің қазағын білімнен ағартуға келген ұстаз енді бірден құпия агентке айналып шыға келді. Ұлан-батыр қаласында арнайы дайындықтан өтті. Ресейден арнайы келген орыс полковник халықаралық саясат жайлы лекция оқып, Шынжаңдағы ахуалмен егжей-тегжейлі таныстырады. Онымен қоймай, қаланың шығыс жақ шетіндегі «Амғалын» мұсылман мешітіндегі ұйғыр молдадан жүйелі сабақ алды. Ата-анасы азан шақырып қойған «Бердіқожа» аты өшіріліп, жанадан «Сапар молда» деген есімге ие болады.

Саяси һәм діни сауаты тұрғысында арнайы дайындықтан өткен Сапар молда 1935 жылдың қысында әкімі барлаушы Қамқаштың бастауымен шекарадағы құпия өткел Пашыртастан асып, Шынжаң топырағына аяқ басады.

Барлаушы Сапар молдаға қандай тапсырма жүктелді, ол жайлы біздің



білеріміз аз. Дей тұрғанмен осы жылдары Шынжаң билігіне қол жеткізген Шың Шысай Кеңес Одағымен достық қатынас орнатып: «Өлсем бір шұңқырда, тірілсем бір төбеде болам», деп ант-су ішкендіктен, Сталин оған көмектесу үшін маман кадрлар жіберіп, тіпті өлкеге әскери құрам кіргізгені белгілі. Дәл осы істің бір қыры – өлкедегі кейбір істерді бақылау үшін кеңестік кадрлардан тыс Монғолия арқылы елеусіз тыңшылар жіберіліп, қосымша бақылау шаралары жүргізілген сынайы.

Осының ішінде Сапар молдаға жүктелген міндет – Алтай аймағының орталығы Сарысүмбе қаласына барып, ол жердегі басты тұлға Шәріпхан Көгедаетың іс-әрекетін бақылау болған тәрізді. Өйткені Алтай аймағы дутыны (басшысы) Көгедаетың қорғаушысы ретінде Сапар молда деген адамның бірнеше жыл қызмет атқарғаны жайлы дерек бар.

Қызық болғанда, Семейде бірге оқып, Қобда бетіне бірге келген бесқарағайлық досы, Ақбалшық мектебінде мұғалімдік міндетін атқарып жүрген Қайырбай Тілеубердин де Жолтаев сияқты арнайы тапсырмамен Құмыл аймағындағы ұйғыр-дүнген көтерілісінің басшысы Қожанияздың қасынан табылады. Бұл адам да есім-сойын өзгертіп, «Қасым әпенді» деген атпен көтерілісшілерге кеңесші болған. 1943 жылы Шың Шысай Кеңес елінен бетін теріс бұрған тұста Тілеубердиннің қайтар есігі жабылып, ақыры 1944 жылы Құлжада дүниеден өткен.

Бізге белгілі бір дерек: 1937 жылы Үрімжі қаласында өткен «Қазақ-қырғыз мәдени-ағарту ұйымының» кезекті жиналысына Сапар молда Алтай аймағынан, Қасым әпенді Құмылдан өкіл ретінде қатысып, көпшілікпен бірге фотоға түскені сакталған.

Осылайша, Алтай аймағында құпия қызмет атқарған Сапар молда жергілікті жердің адамы Қанипа Мұқашқызымен шапырақ көтереді. Кешікпей ұрпақ сүйеі. Бір қызығы, қайын жұрты да, сүйікті жары Қанипаның өзі де Сапар молданың тыңшы екенінен бейхабар болған.

Десе де Шынжаңдағы жағдайды аңдаған Сапар молда бір күні қайын жұртының да анысын байқап: «Сіздерге мына жер түбі ел болмайтын түрі бар, сыртқы Монғолияға көшініздер», дейді. Тосын ұсынысқа таңырқаған ағайындары: «Екі ел арасында шекара бар, одан қалай өтеміз?» дейді. «Қорықпаныздар, мен тұрғанда шекара бұйым емес», деп сенімді түрде айтады. Бұл сөзді естіген ағайындар бірден келіседі. Сөйтіп, бір түнде қатын-бала, қайын-жұртын шекара асырып жіберіп, тар кезеннің үстінен дей басына шаптырған айтты: «Кешікпей мен де барам, алаңдамандар, сендерге үкімет өзі көмектеседі», деп қол бұлғап қала береді.

Қысқасы, «Қайтсын!» деген бұйрықты күтіп, отбасымен қауышуға асыққан елең-алаң күндердің бірінде, нақтырақ айтқанда 1945 жылдың күзінде артынан жансыз келіп жетеді. Бірақ ол «Елге қайт», деген қуанышты хабар әкелмейді. Керісінше, «Оспан бастаған көтерілісшілер гоминданмен одақтасуға бет бұрған секілді, осыған көз жеткізсін», деген тапсырма жүктейді. Ол кезде Сапар молда Үрімжі қаласында гоминдан сапында жұмыс атқарып жүрген болатын. «Құдай көктен сұрағанын жерден берді», дегенді гоминдан басшылары Оспанмен кезігіп, одақтас

болуға шақырған ұсынысты айтуға Бердіқожаны Оспанға жұмсайды. Әбден әккіленген Оспан батыр оны тура қабылдамай, кешіктіріп ұстайды. Өзі тікелей тілдеспей, хатшысы Бағдат Қамзаұлымен жолықтырып, токетері – одақтас болуға келіскен сынай танытады.

Тапсырманы орындаған соң, айналып Сарысүмбе қаласына келеді. Мәліметті құпия шифрге түсіріп, хабар алуға келетін адаммен жолығатын сәтті күтіп, тоқайласқан асханаға жансызбен кезігуге келеді. Басындағы малакайын үстелдің оң бұрышына шалқасынан тастап, күпісінің үзіліп түскелі салақтап тұрған бірінші күміс түймесін ағытып қояды. Бұл оның сол кеште өзіне жолығуға келетін жан-сыздың жазбай тануына арналған белгі, бөгенай-тын. Кеш батты, түн болды. Келетін адам жоқ. Ілби басып үйіне қайтады.

Үрімжі түрмесінде

Жолтаевтың өмір-тарихын терең зерттеп, көптеген құжатпен танысқан журналист Токан Бодау-ханұлының жазуына қарағанда, кейіпкеріміз таңға жақын қатты қағылған есік дыбысынан шошып оянады. Жаман лашықтың есігі айқара ашылады да гоминдан сакшылары сау етіп кіреді. Олар үйдің түгін қалдырмай тінтеді. Ақыры төс қалтасындағы құпия хатты тауып алады. Негізі бұлар Сапар молданың ізіне арнайы түспеген. Өткен түнде молда барған асхана маңында төбелес болып, бір адам өлген. Түнде жауған ақша қар молдекеңнің асханадан қайтқан ізін жасырып үлгермепті. Бейсауат ізге түскен сакшылар адам өлтірген қандықолдың емес, саяси қылмыскердің үстінен түскенін жыл жарымнан соң Сапар молданың қалтасынан табылған хаттың сыры Бейжіңде ашылғанда ғана бір-ақ біледі.

Сөйтіп, тыңшылық әрекеті әшкереленген Сапар молда түрмеге түседі. Жазықтыны әдейі баскесер бұзақылардың ортасына жібереді. Нағыз айқас осында басталады. Күнде жекпе-жек. Бірде жеңіп, бірде жеңілсе де қайыспайтын қайсарлығының арқасында қамауда «қожайын» дәрежесіне жетеді. Молданың мықтылығы мен тақуалығына тәнті болған түрме күзетшісі, ұйғыр Қожакын оған іш тартып: «Аға, тегіміз бір мұсылман баласымыз. Соның ішінде сіздің қайсарлығыңызды, тайсалмайтын ержүректігіңізді құрметтеймін. Аман жоқ, мына көпір ханзулардың айы онынан туған кезіне тап болып, мүрит болып жүрміз ғой! Орайлы сәт туып, қолымнан келсе, көмектесер едім», дейтін үнемі.

Бірде осы жігіт түн жамылып камераға келіп: «Аға, сізді ертең атады, бүгін түннен қалмай қашыңыз», дейді. «Қалай қашамын?» Жан-жағына сактықпен қараған Қожакын: «Камераныңды қабырғасынан кірпіш пештің мұржасы өтеді, соны бұзып, төбеден шығыңыз. Сырттағы қарауылды мен ыңғайлаймын», деп, тұтқынның қолына темір сүймен ұстатып, жоқ болады. Молда мұржа кірпішін бір-бірден суырып, тар қуыстан күйе-күйе болып төбеге шықса, алдында Қожакын тұр.

– Екі қарауылдың көзін жойдым. Тез жөнеліңіз. Біздің үйдің ауласында ерттеулі ат тұр. Киім-кешек, азық-түлігіңіз де бөктерүүлі – деп үйіне баратын жолды нұсқап, қол айтады. Астына ат тиген әккі тыңшы қалай із жасырып, шекарадан

қалай өтуді ешкімнен сұрамайтыны анық. Үрімжіден төтелей тартып, Монғолия шекарасын бұзып өтеді. Бұл 1948 жылдың көктемі еді.

Ажалдан арашалаған шәкірт

Шекарашылар қолға түскен тұтқынды Қобда аймақтық ішкі істер бөліміне әкеледі. Сөйтіп мұнда өзінің байырғы есімі Бердіқожамен қайта қауышып, атқарған қызметі сараптан өткенге дейін бостандыққа шығады. Отбасымен табысады. Кешікпей Б.Жолтаевты Монғолия үкіметі тұтқындайды. Себебі: «Отанын сатқан». Бұл – өте ауыр жаза. Біз нақты дерекке қол жеткізе алмадық. Десе де бір болжам: Бердіқожаның Қытай түрмесінен қашып шығу көрінісі де әдейі ұйымдастырылған сценарий іспетті. Шындығында, Бекең Қытай мүддесі үшін қызмет істеуге келісіп, түрмеден аман шыққан тәрізді. Онысы – мұнда келген соң әшкереленген. Бұл шындыққа саяды.

Ол заманда елдегі ату жазасына үкім етілген істер Монғолия Халық Ұлы Құрылтай хатшылығына таныстырылатын дәстүр бар екен. Құдай оңдағанда, дәл осы хатшылық қызметті бұдан жиырма жыл бұрын әкесіне 25 төгрөг беріп, оқуға сатып алған шәкірті, қазақ азаматы Қашқынбай Мәлікұлы атқарып отырмасы бар ма!

Ақын Қызай Бақтыбайұлы: «Кен қолтық керей атаң үлгісіндей, Жан еді маңғаз тұлға шың мүсіндей», деп жырлаған қоғам қайраткері Қашқынбай Мәлікұлы – МХР Халық Ұлы Құрылтайы хатшылығы қызметін атқарып тұрған кезде Ұлы Құрылтай аппаратында сақтаулы тұрған ұлы Шыңғыс қағанның, Автономиялық Монғолия елінің басшысы VII Богда Жавзундамба ханың және 1924 жылдан 1940 жылдарға дейін пайдаланған Монғолия мемлекетінің мөрлерін, одан кейінгі Монғол Халық Республикасының жаңа мөрін ұстау мәртебесіне ие болған, әрбір кезенге қатысты маңызды тарихи-саяси құжаттарды мөрлеп кепілдендіріп отырған қазақ баласы.

Қолына төрт патшаның мөрін ұстаған қазақ азаматы өзін алғаш білім жолына салған ұстазын қалай оққа байласын. Дереві іске араласып, ақыры өлім жазасын 15 жылдық жазаға өзгерттіріп, аман алып қалады. Арада бір жыл өткенде Қашекең 15 жыл мерзімді 10 жылға жеңілдеттіреді. Бұл кезде өзі де қызметінен босайды. Монғолияның қатан режімдегі Ерөө түрмесінде 10 жыл жазасын өтеген Бердіқожа Жолтаев 1960 жылы отыз жыл бұрын табаны тиген Байөлке топырағына қайта оралады.

Бұрынғы қанбақ жөңкіген қу далада әп-әдемі қала бой көтеріпті. Ел өзгерген. Тағдырдың тағы бір тартуын қарамайсыз ба, Бекең алғаш Қобда бетіне келгенде Қаматжан деген қарияның шаңырағын паналаған еді. Өзі жүдеу-жадау тұратын отбасына көмек қолын созып, ақсақалдың Мұсахан деген ұлын арқасына мінгізіп көп еркелетіпті. Бердекен тағдырдың жазуымен жарты әлемді шарлап, монғол мен қытай түрмелерінің дәмін татып арып-ашып ораласа, сол арқасына көтеріп жүретін кішкентай бала Мұсахан сол күндері Байөлке аймағының әкімі екен.

Мүсекең Бердіқожа ағасымен жылап көріскен сынайлы. Сөйтіп дереу аймаққа құрылыс салуға келген қытайлық мамандарға аудармашы етіп қызметке тағайындайды. Кешікпей Бекеннің алғашқы ағартушылық еңбегі еленіп, мемлекеттік жоғары награда «Алтын Жұлдыз» орденімен марапатталады. Артынан аймақ орталығына радио торабын орнатуға келген чехословак мамандарына аудармашы болады.

Бекең бейбіт өмірін бастап, жалғыз ұлы Токтықты қатарынан қалдырмай оқытып-тоқытады. Токан да үздік оқып, Мәскеуден әскери академия бітірген байөлкелік аз қазақтың бірі болды. Ұзақ жылдар шекара әскерінде қосын басқарды. Токсаныншы жылдардың ортасында Қазақстанға қоныс аударып, Алматы маңындағы Ұзынағаш ауылында дүниеден өтті. Токтықтан басқа Нұржамал, Гүлжамал, Бижамал, Сақыпжамал атты төрт қыз өсіреді. Бұл есімдер – Бердіқожаның жиырма жасында жырақтап, өмірінің соңына дейін табыса алмай арманда кеткен төрт апайының аты екен.

Дүние-ай деген, Бердіқожа Жолтаев 1975 жылы өзге ел, жат өлке Монғолияда дүниеден өтті. Туған еліне, өскен жеріне деген мәңгілік сағынышы, көңіл шері тарқамай, өзімен бірге көрге көмілді.

СУРЕТТЕ: Бердіқожа Жолтаев пен жұбайы Қанипа Мұқашқызы. 1963 жыл, Өлгей қаласы.